

Хабаршы, №4-2018.
Малбақұлы Мырзаберген,
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Игілікова Сымбат,
докторант

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХИ ЛЕКСИКАСЫ ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН «ҰЛУ» СӨЗІНІҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ ТУРАЛЫ

Елдің мәңгілігін ойластырған кезде, тілдің мәңгілігін ұзарту жолдарын да әсте ұмытуға болмайды. Себебі тілдің ғұмыр жасының ұзақ болмағы, елдің де ұзақ ғұмырлы болуының басты шарттарының бірі. Еліміздің негіздері күшті-қуатты болу үшін оның тілінің де тарихи негіздері берік болуы керек. Тілдің тарихи негіздері берік болған жағдайда оның болашақтағы даму жолы да жарқын болмақ. Осы тұрғылардан қазақ тілінің тарихи лексикасының құрамын зерделеу ісі – қазіргі таңдағы маңызды шаруалардың біріне айналып отыр. Тарихи лексика құрамында түркі текті төл сөздермен қатар, ежелгі түркі-моңғол тілдеріне ортақ, байырғы лексикалық қорға енетін атау сөздер құрамы кездеседі. Олардың бабалар тіліне көне замандарда енген ескі кірме сөз болуы да мүмкін жайт. Қалай болғанда да, жер әлемде атам заманнан бері еш қоспасыз, жеке-дара, араласпай-құраласпай келе жатқан саф таза ел де, тіл де болмайды. Тіл-тілдегі мәдени атауларды салыстыра, салғастыра отырып зерттеу кезінде осы жайдың ақиқаттығы, шындығы айқындала түспек.

Қазақы мәдени дәстүрде қазақша жыл қайыру есебінің орны ерекше. 12 жылдық мүшел есебі. Бұл мыңжылдықтардан бері келе жатқан байырғы жыл санау үлгісі. Осы үлгіні басқа туыстас түркі тілдеріндегі, түркі-моңғол тіл бірлестігіндегі жыл қайыру үлгілермен өзара салыстырып қараған кезде, жыл атауларының ішінде өзгешеленіп тұратыны – *ұлу* атауы екендігін байқадық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл атауға суда болатын қабыршақты жәндік «ұлу» ретінде түсінік беріліп келеді. Мәселен, қазақ тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде: «**ҰЛУ** зат. 1. зоол. <лат. molluscus> Омыртқасыз, көпшілігі сауытты, былқылдақ денелілерге жататын жәндік түрі... 4. этн. *Ескіше жыл аты – мүшел есебінің бесінші жылына негіз болған жәндік аты; Ұлу жылы. Қоян жылынан кейін, жылан жылынан бұрын келеді. Әрбір 12 жылда қайталанып отыратын мүшел есебінің 5-жылы*» тәрізді анықтамалар беріледі [1,709]. Осы анықтаманы қазақ тілінің тарихында жарық көрген екі тілді аударма сөздіктердің материалдарымен салыстырған кезде, өзгеше қолданыстарды да көреміз. Мәселен, Қ.Кемеңгеров бастаған авторлардың Мәскеуде 1925 жылы бастырып шығарған «Қазақша – орысша тілмәш» сөздігінде «ұлу – дракон» түрінде аударма жасалған [2]. Осы екі нұсқаның қайсысы дұрыс болмақ? Нақты жыл санау дәстүрі 4700 жылдан асатын ежелгі қытай елінде сақталып келе жатқан жылнама-мүсіндерде аталмыш жылдың бейнесі «қанаты бар үлкен жылан, от-жалын шашатын жылан» түрінде кескінделген. Демек, бұл тұрғыдан «қазақша-орысша

тілмәштегі» аударма орынды. Өзіміздің қазақы менталитетке салсақ, біздікі дұрыс тәрізді болып көрінеді. Себебі, біріншіден, өз ғалымдарымыз да, бірқатар шетелдік ғалымдар да осы «он екі жылдық мүшел есебі ежелгі далалықтардың, яғни біздің байырғы ата-бабаларымыздың төл туындысы» деген пікірді ұстанып келеді. Екіншіден, көптеген халықтардың наным-сенімдері бойынша, жанды дүниенің жаратылыс тарихында судағы ұлудың орны ерекше. Ол кейінгі жан-жануарлардың пайда болуына, өсіп-өнуіне бастамшы болған жәндік саналады. Осындай маңызды жәндіктің біздің жыл санауда, он екі мүшелдің бірі ретінде орын алуы – біздің мүшел санау үлгіміздің жер бетіндегі ең байырғы жыл санау үлгісі болуына мүмкіндік тудырардай себептердің бірі тәрізді көрінетіндігі рас.

Қазақ тілінің 1861 жылы Н.И.Ильминский тарапынан даярланған материалдары құрамында берілген шағын сөздікте 12 мүшел жылдар атаулары төмендегідей құрамда беріледі: «**Жыл – год. Названия 12-летнего цикла: 1 – тышкан, 2 – сыжыр, 3 – барс, 4 – кожан, 5 – луу, 6 – жылан, 7 – жылкы, 8 – кой, 9 – мешин, 10 – тауук, 11 – ит, 12 – догуз. Такой год начинается с наурыза...**» [3, 134].

1915 жылы Қазан қаласында Қазан Оқу округы Басқармасы жанындағы Аударма істері бойынша Комиссияның шешімімен (№86) жарияланған «Орысша-қазақша сөздіктегі» [4, 56-57] «год» сөзінің берілісі төмендегідей: **Годъ** – жыл. Каждый год – жыл сайын. Чрезъ годъ – жыл аралаб. Прошлый год – былтыр. Новый год – науруз: около 10 марта в Тург. обл., а в Уральской обл. и в Букеевской орде 1 марта. От науруза до науруза 12 годов: 1-й – мышь – **тышкан**, 2-й – корова – **сыйыр**, 3-й – барс – **барс**, 4-й – заяц – **койан**, 5-й – водяной жук (дракон) – **луу**, 6-й – змей – **жылан**, 7-й – лошадь – **жылкы**, 8-й – баран – **кой**, 9-й – обезьяна – **мешин**, 10-й – курица – **тауук**, 11-й – собака – **ит**, 12-й – свинья – **донгуз**. По киргизскому летосчислению русские года соответствуют следующим:

год мыши	1852	1864	1876	1888	1900	1912	тышкан жылы
год коровы	1853	1865	1877	1889	1901	1913	сыйыр жылы
год барса	1854	1866	1878	1890	1902	1914	барс жылы
год зайца	1855	1867	1879	1891	1903	1915	койан жылы
год дракона	1856	1868	1880	1892	1904	1916	луу жылы
год змей	1857	1869	1881	1893	1905	1917	жылан жылы
год лошади	1858	1870	1882	1894	1906	1918	жылкы жылы
год барана	1859	1871	1883	1895	1907	1919	кой жылы
год обезьяны	1860	1872	1884	1896	1908	1920	мешин жылы
год курицы	1861	1873	1885	1897	1909	1921	таук жылы
год собаки	1862	1874	1886	1898	1910	1922	ит жылы
год свиньи	1863	1875	1887	1899	1911	1923	донгуз жылы

Бұл жерден байқалып тұрған жайт: судағы «ұлу» ескеріліп, «водяной жук» түрінде болса да, берілген. Алайда, жыл атауы ретінде («луу жылы»)

дракон мәнінде аталған. Осы сөздіктің 68-бетінде «дракон» сөзінің өзіне *аждага (жылан), айдагар* түрінде аударма жасалады. «Улитка», «водяной жук» деген атаулар мүлде ұшыраспайды. Яғни, түсінікке қиындау жағдай. Осындай жайт кейбір басқа сөздіктерде де ұшырасады. Мәселен, 1977 жылы монғол елінде жарық көрген «қазақша-монғолша» сөздікте *ұлу* сөзінің монғолша баламасы – луу; Ұлу жыл – луу жыл [5, 329]. Бірақ бұл жерде қазақ тіліндегі *ұлу* сөзінің де, монғолша *луу* сөзінің де мән-мағынасы толық айқындалмаған. Бұлар қай *ұлу*?

Ұлу жылы қазақтан басқа да қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, әзірбайжан, т.б. халықтардың күнтізбелерінде кездеседі. Мүшелге енетін жыл атауларының өзбек тіліндегі берілісіне назар аударсақ: «сичқон, сигир, йұлбарс, куён, балиқ, илон, от, қуй, маймун, товук, ит, тўнғиз» [6, 657]. Демек, өзбек тілінде «ұлу» сөзінің орнында «балық» сөзін көреміз: «Балиқ – 3. Мучал йил ҳисобидаги бешинчи йил номи» (1-том, 148-б.). Жалпы еуропада қабылданған шығыс календары үлгісі бойынша, бұл жыл, – шынында да, «балық» жылы болып табылады. Алайда шығыс елдерінің басым көпшілігінде, әсіресе біз тіршілік жасап отырған аумақта «ұлу жылы» атауының қолданылатыны анық. Ташкентте шыққан екі томдық үлкен орысша-өзбекше сөздікте «дракон» сөзіне мынадай анықтама берілген: ДРАКОН 1. *миф.* Аждаҳо, аждар; 2. *зоол.* дракон (қанотли калтакесак); [7, 305]. Бұл жерде, өзбек тіліне шығыс әпсаналарының әсерінің басымдығын көреміз. Себебі сөз алдымен «айдаһар» мәнінде аударылып отыр. Өзбек тілінің осы сөздігінде «улитка» сөзіне *шилиққурт* ретінде аударма жасалады (том.2. 708-б.). Қырғыз тіліндегі жылдардың он екі мүшел есебі бойынша реті мынадай: «жыл I 2. Летосчисление по двенадцатилетнему животному циклу; название годов этого цикла в последовательном порядке: 1) **чычкан** (тышқан), 2) **уй** (сиыр), 3) **барс** (барыс), 4) **коён** (қоян), 5) **улуу**, 6) **жылан**, 7) **жылкы**, 8) **кой**, 9) **мечин**, 10) **тоок** (тауық), 11) **ит**, 12) **доңуз**» [8, 278]. Қырғызша-орысша сөздікте *улуу* сөзінің қытай тілінен енген кірме лексикаға жататыны көрсетілген: *улуу I кит.* год дракона (см. жыл I 2).

Түркі тілдерінің тарихындағы аса құнды тілдік деректер көзі болып табылатын М.Қашғари сөздігі бойынша мүшел есебіндегі жылдардың атаулары мынадай ретте берілген: 1 – «**сижған**» (*тышқан*), 2 – «**ууд**» («өгіз»: қазіргіше – *сиыр*), 3 – «**барс**», 4 – «**тавишған**» (*қоян*), 5 – «**наак**» (*қолтырауын*) / «**луу**» (*дракон*), 6 – «**йилан**» (*жылан*), 7 – «**йунд**» (*жылқы*), 8 – «**қуй**» (*қой*), 9 – «**бижин**» (*мешін*), 10 – «**тақағу**» (*тауық*), 11 – «**ит**», 12 – «**туңуз**» (*доңыз*) [9]. Сондай-ақ, осы сөздікте кездесетін «**улуғ луу**» тіркесі «*қадірлі луу*» дегенді білдіреді. Бұл жердегі «луу» - «дракон» мәнінде. Сонымен, «дракон» мәніндегі «ұлу» сөзінің М.Қашғари сөздігінде де ұшырасып отырғандығы анық жағдай.

Қазақ тіліндегі су жәндігі *ұлуды* өзге тілдердің ішінде ноғай тілінен байқаймыз: *ылув* [10, 655]. Ал енді су жәндігінің атауы ретіндегі осы *ұлу* сөзінің өзге тілдердегі аталымы мүлде басқаша болады екен: қарақалпақша – *суу өгизи*, өзбекше – *шилиққурт*, қырғызша – *үлүл*, әзірбайжанша – *илбиз*, монғолша – *дун*, якутша – *чоху хаата*, қалмақша – *хорханцг*, ... осылай кете

береді. Ал енді «дракон» мәніндегі ұлу сөзін өзге тілдер бойынша салыстырып қарайтын болсақ: қырғыз тілінде – улуу, моңғол тілінде – луу, қалмақ тілінде – лу [11, 75], тува тілінде – улу [12, 136], бурят тілінде – луу [13, 305] варианттарында ұшырасады екен. Демек, бұл заңдылық. Ұлу сөзінің тіл-тілдегі «дракон» мәнінде қолданылуында заңдылық бар. Оны түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіндегі «ұлу» мәнінде жинақталған материалдардан да байқауға болады. Ендеше осы этимологиялық сөздіктегі «ұлу» сөзінің берілісіне назар аударалық: «УЛУВ / ULUW – крымский диалект караимского языка, каракалпакский; ұлұв/ülūw – казахский; улу/ulu – алтайский, сарыг-югурский, тувинский; олу/olu – сарыг-югурский; лу/lu – сарыг-югурский, древнеуйг. (Турфан)». ◇ Дракон – во всех названных выше источниках; название дракона-громовержца – сарыг-югурский; год дракона – алтайский [14, 282]. ◇ Рассматриваемая основа в древнеуйгурском обозначается в виде loŋ, luo (возможно lō) и трактуется как заимствование из китайского (lung) с тем же значением «дракон» [15].

Этимологиялық сөздікте, сондай-ақ, осы сөздің Турфан ескерткіштерінде lu тұлғасында ұшырасатыны жазылған. Улув ~ улу ~ олу ~ лу тұлғаларын моңғол деректерімен де байланыстыруға болатындығын, түркі тілдеріндегі тұлғалардың моңғол тіліндегі тұлғаға (luu/луу) жақындығы айтылады (591-б.). Шынында да, түркі-моңғол тілдерінде (қазақ, қырғыз, ұйғыр, алтай, тува, бурят, моңғол, т.б.) «дракон» мәніндегі атаулардың лу ~ луу ~ улу ~ ұлу ~ олу тұлғаларында кездесетіндігі жоғарыда баяндалды. Қалай болғанда да, бұл тұлғаның түркі-моңғол тілдерінде ежелден бері қолданылып келе жатқандығы анық байқалады. Моңғол тіліндегі тұлғаның арғы жағында Тибет елі тұрғандығы, бұл сөздің Тибеттен ауысқандығы болжанады. Тибет елі – ежелден бері келе жатқан, байырғы үнді және қытай мәдениеттерінің рухани философиялық негіздерін бойына жинақтаған орталық екендігі баршаға аян.

1969 жылы шыққан «Древнетюркский словарь» сөздігінде де «ұлу» сөзі «дракон» мәнінде берілген екен: «LŪ [kit. лун, luŋ] 1. дракон» түрінде түсініктеме берілген. Мысалдың бірін келтірсек: «Он улуз луу қанлары» [16, 334]. Бұл қытай тілінен жасалған аудармадан алынған. Бұл жерде, «әрине, аударма болған соң осылай болып отыр» деуге болар еді. Алайда, осы «дракон» мәніндегі нақты «ұлу жыл» тіркесін 731 ж. Онгин ескерткішінен (lü jil), сондай-ақ, XII-XIV ғғ. жататын көне ұйғыр жазбаларынан (луу йыл екінті ай беш отузқа) байқаймыз. Демек, көне түркі заманында, көне түркілердегі он екі жылдық мүшел есебінде осы аталған мәнде «ұлу жылы» болған.

Қорыта келе айтарымыз: бұл атау - байырғы кезеңде осы Тибет жақтан түркі-моңғол тілдеріне ауысқан ежелгі кірме лексиканың бірі болуы мүмкін. Біріншіден, қазақтың даласында, жалпы қазақ түсінігінде, ежелгі көшпелілер мифологиясында «аспанда ұша алатын қанатты жыланның, аузынан от шашатын алып жыланның» болмауы, немесе болған жағдайда да кейін ұмыт болуы, екіншіден, бұл атаудың өзінің дыбысталуы тұрғысынан тілімізде «ұлу» жәндігінің атауымен сәйкес келуі жағдайларының шешуші рөл атқаруы мүмкін. Демек, осылайша, кейінгі

тарихи дәуірлердегі ұлттық санамыздағы түсінігімізге жат «луу» ұғымын қазақ тіліндегі халыққа түсінікті судағы жәндік ұлудың образы ығыстырған. Тіл-тілде мұндай жағдайлардың болатындығы әбден дәлелденген жайт. Демек, ендігі жерде түсіндірме сөздіктерде «ұлу» сөзінде екі мағынаның бар екендігін көрсеткен жөн. Және де мүшелдегі тиесілі жыл атауына «**миф. Ертегілерде болатын, қанаты бар, от-жалын шашатын алып жылан**» тәрізді түсіндірмелер жасау қажет болмақшы. Ал жылды суреттеу, кескіндеп бейнелеу кезінде теңіздегі қабыршақты жәндік ретіндегі *ұлудың* бейнесін беруді тоқтатқан жөн деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». 14-том. Алматы, 2011.
2. Қазақша-орысша тілмәш. М., 1925.
3. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.
4. «Русско-киргизский словарь». Казань. 1915.
5. Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік.
6. Ўзбек тилининг изохли луғати, 2-т. Тошкент, 2006.
7. Русско-узбекский словарь. В двух томах. Том 1.Ташкент, 2013.
8. Киргизско-русский словарь. М., 1965.
9. Махмуд ал-Кашғари. «Диван Луғат ат-Турк». Алматы, 2005.
10. Русско-ногайский словарь. М., 1956.
11. Русско-калмыцкий словарь. Элиста, 1963.
12. Русско-тувинский словарь. М., 1953.
13. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951.
14. Грамматика алтайского языка. Казань, 1869.
15. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Том 1. М., 1974.
16. Древнетюркский словарь. Л., 1969